

## ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

**Қ.М. САМАНБЕКОВ,**

*Мемлекет тарихы институты,*

*кіші ғылыми қызметкер*

*Астана қ., Қазақстан*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 1999 жылы 20 қаңтарда сөйлеген сөзінде: «Даңқты өткенімізден күш ала отырып, жаңа ғасырға нық қадам басамыз», – деген еді [8, 3]. Ұлы Отан соғысы мен ондағы қазақ батырларының ерлік істері – сол даңқты өткеніміздің маңызды беттері, жас ұрпақты ұлтжандылық сезімге тәрбиелеудегі алып күш. Отан үшін өмірін құрбан еткен тағдырларды естен шығармау – патриоттық тәрбиенің басты тақырыптарының бірі. Себебі, ағаның ісі қашанда ініге өнеге болмақ.

Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтары, соның ішінде қазақ халқы үшін өшпес із, жазылмас жара қалдырды. Қазақстан тарихында, түптеп келгенде, әлем халықтары тарихында бұл соғыстың алар орны ерекше. Себебі соғыстағы жеңіс талай адамдар өмірін сарп етті. Жеңіс құны – идея мақсатында тәлкекке салынған миллиондар тағдыры болды. Кеңес азаматы Жеңіс үшін ең жоғары баға – өз жанын пида етті. Белгілі тарихшы, профессор М.Х. Асылбековтың сөзімен айтсақ: «Осынау даңқты Жеңісіміздің құны аса жоғары болды. Отан қорғау үшін қару астына шақырылғандардың (1,2 млн.) жартысынан астамы отбасыларына оралмай кетті. Бұлардың жартысынан астамы – 350 мыңы қазақтар еді (аударған – Қ.М.)» [6, 71].

«Талай адамдарын құрбан етіп, Кеңес Одағы ақыры Берлинге жетті», адам өмірін аямай, қаланы алды. Яғни Берлинді төрт ел қоршап тұрып, «адамдарымыз қырылады» деп қалаға ешқайсысы кіргісі келмей тұрған шақта тек Кеңес Одағы ғана адамдарын аямады. Енді, міне, Ұлы Отан соғысындағы жеңіс таңы үлкен адам шығынының арқасында ғана атты. Себебі, одан басқа амал болмады. Сталин бұны жақсы тү-

сінді әрі қолда бар мүмкіндікті қалт жібермеуге тырысты. Сталин үшін ойланбастан өз өмірін қиюға дайын миллиондаған жауынгерлер қажет болды. Мұндай «соғыс күшін» Сталин 30-жылдары «қолдан жасап шығарған» болатын. 1932–1933 жылдардағы ашаршылық, 1937–1938 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін кеңес халқын әбден қорқытып үркітті. 1941 жылы тамызда және 1942 жылы шілдеде Сталин №270 және №227 заңдар жариялайды. Ол бойынша соғыс тұтқындары мен қашқындар отбасыларына қарсы қуғын-сүргін жүргізу және майдан шебінде бұйрықсыз шегінгені үшін тергеусіз ату жазасын қолдану қарастырылған еді [1, 164]. Жалпы, тұтқындарды өз азаматы ретінде танудан бас тартқан әлемдегі жалғыз мемлекет КСРО болды.

Екінші бір мәселе – аштық. Ресейлік зерттеуші Б.Соколовтың пікіріне сүйенсек, халық бұқарасын осынау қанқұйлы соғысқа итермелеген себептердің бірі – нақ сол аштық алдындағы қорқыныш сезімі. Автор өзінің «Красный колосс. Почему победила Красная армия?» деген зерттеу еңбегінде мынандай тоқтамға келеді: «Барлық азық-түлік қатаң мөлшермен берілетін болғандықтан, әскери қызметтен жалтары аштыққа апарып соғуы әбден мүмкін еді (аударған – Қ.М.)» [1, 164].

Сөз астарында бір шындықтың бары анық. Себебі, XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы кеңестік биліктің жүргізген солақай саясаты, қазақ даласын «сойып» өткен ашаршылық «ажалы» халықты әбден титықтатқан еді. Енді, міне, есін жинап, еңсесі көтеріле бастаған елді соғыс тауқыметі тағы қалжыратты...

Қазақстан Кеңес Одағының соғыс арсеналына айналды. Елдегі барлық өндіріс орындары соғыс мұқтаждықтары үшін қызмет етті. Жаудан азат етілген аудандарға көмек Қорғаныс қорының қоймаларын толтырды. Айта кетелік, «Барлығы майдан үшін! Барлығы Жеңіс үшін!» деген ұрандар 20-жылдардағы «Еділ бойы ашыққандарына көмек!» деген жалаң ұрандарды еске салады. Сондықтан адамдардың әскер қатарына баруынан басқа амалы қалмағаны сияқтанады.

Екіншіден, 30-жылдардағы «кеңестік биліктің қылмыстық әрекеттері мындаған балаларды жетім қалдырды» [7, 102]. Жетімдік – Ұлы

Отан соғысын қарастырған кезде назар аударатын факторлардың бірі деп есептейміз. Себебі, соғыстың басталған шағы нәубет жылдарының естен кете қоймаған кезі еді. Сондағы адамдардың осыған қарамастан қолына қару алуының себебі неде? Себеп – «социализм идеясында». Халық асқақ идея жолында тар жол, тайғақ кешуге даяр болды. Міне, жоғарғы билік осыны жете түсініп, пайдаланып бақты.

Қалай болған күнде де, Кеңес Одағының құрамындағы бодан халықтар соғысқа баруға мәжбүр болғаны анық.

Дегенмен, осы орайда соғысқа қатысқан әр азаматтың жеке басының мәселесін де ескерген жөн. Себебі, олар ортақ Отаны үшін өздерін құрбандыққа шалды, жеке бастың қамынан ел мүддесін жоғары қойды. Мысалы, атақты америкалық әскери тарихшылардың бірі Роберт Леки өз естеліктерінде былай деп жазып қалдырған: «Өзін құрбан ету – соғыс пен бейбітшілік мәселесі арасындағы бітпес таластың жауабы» [2]. Ұлы мұрат жолында жанын қию арқылы олар ұрпағына – баға жетпес мұра, еліне мәңгілік даңқ сыйлап кетті. 30-жыл тауқыметіне ұшыраған боздақтар соғыс басталған кезде өздерін басып-жаныштаған кеңес билігін қорғау жолында қолдарына қару алып, жан беріп қырғидай қорғағанын басқаша түсіндіру де мүмкін емес.

Өлгіндегі 32-нің ашаршылығы кезеңінде азық табу үшін бақшаға түсіп, күзетшінің қолынан қаза тапқан анасының бейнесі әлі есінен кете қоймаған Әлияның майданға өзі сұранып баруының себебі де осыдан болары анық. [7, 101]. Ал Р.Қошқарбаевтың ерлігі ше? Қасындағы жауынгер Г.Полатов екеуі қарсы алдынан оқ жауып тұрғанына қарамастан, Берлиннің көшесінде немістің Парламенті отыратын Рейхстагқа қарай 200 метр жерге түнгі сағат 04-тен күндізгі 12-ге дейін жер бауырлап жүру мақсатының түбі қазақтың атын асқақтатуы болғанға ұқсайды. Соғыс лебі жегімдіктің, жалған жаланың қасіретін әбден тартқан генерал, Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рақымов үшін де Отан алдында өзін әбден ақтаудың негізгі бір сылтау болған сияқты. Ал батыр қыз Мәншүк Мәметова болса, әкесінің ардақты атын жаладан аршып алу мақсатымен майданға өз еркімен сұранған (әкесі – Ах-

мет Мәметов 1937 жылы Алаш Орда қайраткерлерінің бірі ретінде ату жазасына кесілген еді) [7, 251].

XX ғасырда қазақ халқы екі дүрбелеңді бастан кешті. Олардың алғашқысы 30-жылғы алапат ашаршылық болса, екіншісі – Ұлы Отан соғысы. 1932–1933 жылдары қазақ 2 млн. 300 мың азаматынан айырылды. Шығыны аздай аман қалғанын соғысқа әкетті. Ең ауыр деген ыстық нүктелерге жөнелтті.

Соңғы деректерге қарап отырсақ, қазақтарды «соғыстың ең ауыр деген ұрыстарында жаппай пайдалану тәжірибесі жүргізілген». Мысалы, Қазақстанда майданға халықтың 25 пайызы жасақталғаны белгілі. Ал бұл бүкіл Одақ көлемінде жүргізілген жұмылдырудан қарағанда әлдеқайда жоғары болған еді [3].

Екіншіден, көптеген қазақстандықтар ұрыстың қайнаған ортасына тасталды. Орталық Азиядан жасақталған әскери құрамаларды ең жойқын, қиын жерлерге жіберген. Мәселен, Калинин шайқасында қазақтың 12 мың азаматын ең жойқын жерге жіберген. Ол туралы Калинин майданының қолбасшысы генерал А.Еременко 1965 жылы Мәскеуде Жеңістің 20 жылдығына орай өткен үлкен жиында былай деп ақиқатты айтқан болатын: «Иә, біз шынында қазақтың екі ұлттық бригадасын ең қиын жерге, яғни фашистердің аузына тастадық. Біз кінәліміз» [4]. Мәскеу түбіндегі шайқаста қан кешті ерлік көрсеткен 316-шы атқыштар дивизиясының құрамы да негізінен қазақ пен қырғыз ұлттарынан жасақталған, ал орыстар тек 20–25 пайызын құраған [5, 226].

Жалпы, Кеңес Одағы бойынша 27 млн. адам қаза болса, оның ішінде орыстар 6 пайыз, украиндар – 8 пайыз, белорустар – 10 пайыз, ал қазақтар – 13 пайызы... [5, 228].

Тыл жұмысындағы қазақ азаматының халі де майдан шебіндегі қандас бауырласының жағдайынан кем түспеген. Ресей Федерациясы Мемлекеттік Мұрағат қорларын мұқият зерттеп шыққан профессор М.Х. Асылбеков қазақ еңбекшілеріне артылған еңбек міндеткерлігінің аса ауырлығын атап өтеді. «Қазақстан мен республиканың өзге тыл аудандарындағы еңбекке жарамды колхоз жұмысшыларының арақатына-

сын ескеретін болсақ, үлкен алшақтықты байқауға болады: көрсеткіш 1-дің 16 қатынасына тең, яғни бір колхозшының орташа еңбек жүктемесі ел (яғни КСРО) бойынша орташа жүктемеден әлдеқайда жоғары болғандығын көрсетеді (аударған – Қ.М.)», – деп жазады автор өз зерттеу мақаласында [6, 66].

Жалпы, соғыс қазаққа өте ауыр тиді. Майдан даласында жарты миллионнан астам азаматымыз шейіт болды. Соғыстан оралған талай қандастарымыздың лагерьлер қыспағына іліккендері қаншама. Соңғы жылдардағы құпия белгілері шешілген мұрағат деректері – осыған айғақ.

Дегенмен шығынымызды ғана есептемей, шыққан биігімізді неге айтпасақ. Себебі соғыстың алғанынан бергені де болды емес пе?

Біріншіден, Қазақстанның экономикалық, мәдени, ғылыми әлеуеті біршама өсті. Мысалы, 1941–1945 жылдары республикада 460 зауыт-фабрикалар, кеніштер мен шахталар және т.б. өндіріс орындары салынды. 1944 жылы ондаған жаңа мектептер, екі жоғары дәрежелі оқу орны ашылды. Бұл кез қазақ халқы мәдениетінің, өнерінің одан әрі өскен жылдары болды [5, 197].

Екіншіден, Ұлы Отан соғысы әбден ез болған қазақтың еңсесін көтеріп, атын ақтады. Сол майдан қазақ халқының рухын аспандатты. Қазақстанның 500-ден астам ұл-қыздары Кеңес Одағының Батыры деген асқақ даңқа ие болды. Ұшқыштар Н.Әбдіров пен Т.Бигелдиновтың аттары әлемге танылды. Б.Момышұлы туралы сол соғыстың басында ақ кітап жазылды. Әлия мен Мәншүгіміз тек қазақ қана емес, бүкіл шығыс әйелдерінің атын бұрын-соңды болмаған биікке көтеріп тастады. Ақыры қазақ ұланы Р.Қошқарбаев Рейхстагқа алғаш болып ту тіккендердің қатарынан көрінді.

Сөйтіп, 30-жылғы қасіреттен еңсесі көтерілместей етіп басып-жаншылған, «сен ұлт емес, тобырсын» дегендердің ырқына ептеп көне бастаған халықты бір серпілтіп, алаш жұртының атын әлемге паш етті.

Қорытындылай келсек, 1418 күнге созылған соғыс қазақ басына төнген сұрапыл заман уақыты болды. Соғыс салдарынан жергілікті

халықтың табиғи өсімі көптеген жылдар бойына тоқтап, ол өз жерінде ұлттық азшылыққа айналды. Құру қаупі алдында тұрды. Дегенмен, мұндай қауіпті сезе де, біле де тұра, жауға қарсы айқаста тайсалмады, қасық қаны қалғанша шайқасты. Қазақтың тірі болуы үшін арпалысты. Сол себепті, ағаларға тағзым ету – інілердің қарызы.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Соколов Б. Красный колосс. Почему победила Красная армия? М.: Яуза, Эксмо, 2007. 352 с. (Великая Отечественная. Неизвестная война).
2. Леки Р. Каска вместо подушки (электронды ресурс) // [http://militaria.lib.ru/memo/usa/leckie\\_r/](http://militaria.lib.ru/memo/usa/leckie_r/)
3. Аяган Б.. Это был подвиг всей страны // Казахстанская правда. (№13) 9 мая 2012 года.
4. Тілеу Көлбаев. Қазақтың 12 мың азаматын ең жойқын жерге жіберген (электронды ресурс) // <http://www.oksh.kz/archive/Muragat/2011/68-69/Kolbaeb.htm>
5. Қазақ жауынгері Ұлы Отан соғысы майданында. (Тарихи-құжаттық зерттеу). Алматы: «Өнер», 2010. 640 б.
6. Асылбеков М.Х. Великая Отечественная война Советского Союза 1941–1945 гг. и Казахстан / Кеңес Одағының Батыры гвардия генерал-майоры Сабыр Рақымовтың 110-жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Шымкент, 2012. 112 б.
7. 1932–1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты – Правда о голоде 1932–1933 годов / Аяган Б.Ф., Қыдыралина Ж.Ү., Ауанасова Ә.М., Қашқымбаев А.Н., Анафинова М.Л., Илиясова К.М., Б.Ф. Аяғанның редакциясымен. Алматы: ТОО «Литера-М», 2012. 336 б. + 16 б. жапсырма. қазақша, орысша.
8. Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы: Оқу құралы. Өңделіп, толықтырылып екінші басылуы. Алматы: Білім, 2008. 320 б., суретті.